

БӨЛІМ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

## Ахмет Байтұрсынұлы - ұлт ұстазы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
22.05.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/139289/

### ҰЛТ ҰСТАЗЫ - АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Ұлт ұстазы-А. Байтұрсынұлының басынан көп қиыншылықтар өткен . Кезінде Ахмет Байтұрсынова есімі аталмай жазған еңбектерінің жартысынан көбі жойылған , қуғын-сүргінге ұшыраған сол себепті Қазақстанның тарихынан лайықты орын таба алмады .

А. Байтұрсынұлышығармашылық жолының бастауы -қазақ әліпбиінің алғашқы авторы болды. Мысалдар мен хрестоматиялар жазған. 1913 жылы А.Байтұрсынұлы , Ә. Бөкейханов, М. Дулатұлымен қазақ зиялыларымен Орынборда жалпыұлттық “Қазақ” газетін шығарды.

Ахмет Байтұрсынұлы тарихта есімі алтын әріпен жазылған тұлға ма?

-Иә. А. Байтұрсынұлы ұлт ұстазы, халқының рухани көсемі бола білді. Себебі ол ұлтына , қазақ халқына қызмет етті . Оған бір дәлел келтірсем, А. Байтұрсынұлы туралы С. Сейфуллин кезінде былай деген “Ахмет халықтың орнын іздеп , өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, А.Байтұрсынұлы ұлтын шын ұлтшылы” деген сөзі дәлел деп санаймын.

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ үшін қасиетті есім.

Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты . Бұған менің оған дәлелім қоғам мен мемлекет қайраткері , ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркі танушы, публицист, педагог, аудармашы , ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы жан-жақты тұлға болды. А. Байтұрсынұлының саяси қызметінің басталуына негіз, дала ережесіне қазақ мүдесіне сай өзгерістер енгізу , дін ұстау еркіндігі , білім, ар-ождан бостандығы деген сияқты істерден басталды . Ол ұлтына , қазақ халқына қызмет етті .

Қорытындылай келе тоқсан ауыз сөздің толықтай түйіні . Ұлы тұлға-А. Байтұрсынұлы ұлт ұстазы жазған әрбір еңбегі адамды ерекше толғандыратын . Осындай

тұлғаларымыздың арқасында , қайдан шықанымызды, ана тіліміздің құндылығын білеміз.Тәуелсіз Қазақстандағы әл ауқатымыз , осындай өмір сүріп жүргеніміз осындай тұлғаларымыздың арқасында , осыны мәңгі есте сақтауымыз керек.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.